

Директор жанындағы бесінші отырыс

№ 5

2021-2022 оқу жылы

Түркістан қаласы

04.12.2021

Қатысқаны: 42

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс жоспарын әзірлеу 3-4 сынып, 2-сыныптарға дайын.
2. Мектеп және ата-ана арысындағы жаңадан түзілген ынтымақтастық келісім шартымен жыл басында таныстыру.
3. Сабаққа ену бұйрығымен таныстыру.
4. БЖБ, ТЖБ кестесін құру.
5. Квал тесттен өткен қызметкерлерден өтініштерімен, құжаттарын талап ету.
6. №472 бұйрық бойынша мұғалімдердің құжаттарын тексеру. ҚМЖ-ларының түзілуін бақылау, тексеру.
7. «Оқуға құштар» жобасы бойынша мұғалім кітап оқуды ұсыну.
8. Күнделік.кз
9. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1) Күн тәртібіндегі мәселе бойынша *мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: А.Бимурзаева* сөз алып, 2021-2022 оқу жылының II тоқсанның ерекшеліктері мен алдағы атқарылатын жұмыстар жөнінде айтып өтті.

Тренинг: мектеп психологі: Н.Берік ұстаздармен, тәрбиешілерге «Мен кімін?» тақырыбында тренинг өткізді. Бойындағы ешкім біле бермейтін қасиеттерін айтып жаңалықпен бөлісті. Педагогикалық жағдаяттан шығу және соңында кері байланыс орнатып аятады.

Сөзді оқу ісінің орынбасары А.Бимурзаева жалғастырды. Кеңестің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша: бірінші кезекте олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс жоспарын құру яғни, үлгерімі төмен оқушылардың жұмыс-жоспарымен таныстырып, № 472 бұйрыққа сәйкес жасалуын және 2-сыныптарға дайын жоспарымен таныстырып өтті. Педагогтерге әр тоқсан үлгерімі төмен оқушыларға жоспар бойынша деңгейлік тапсырмалар беріп отыруды тапсырды. Сонымен қатар АВС тізімі бойынша сараптама жасап, 2-сыныптан бастап, әдебиеттік оқу, математика, жаратылыстану, дүниетану т.б. пәндеріне сараптама жасау арқылы деңгейлерін анықтап, тізім шығаруды тапсырды. Әр бақылау жұмысының талдауы болу керектігін ескертті. Екінші кезекте, сабаққа ену бұйрығымен таныстырып өтті. Алдыңғы аптаның сейсенбі күнінен бастап педагог тәрбиешілердің сабағына кіретінін ескере отырып, сабақ жаңа технология бойынша өтілуін ескертті. Үшінші кезекте, әр тоқсанда алынатын БЖБ, ТЖБ кестесін тексерді және алдағы уақытта сол кесте бойынша белгіленген уақытында тапсыруын талап етті. Келесі мәселе бойынша, аттестациядан өтетін қызметкерлерден өтініштерімен,

құжаттарын өз уақытында жинақтауын және тапсыруын талап етті. Сондай-ақ, №472 бұйрық бойынша мұғалімдердің құжаттарын тексеріп, кем-кетіктерін ескерту жасады. ҚМЖ-ның дұрыс түзілуін жіті бақылауға ала отырып, әр күн реттілігін дұрыс қойылуын жіті ескертті.

Президентіміз Қ.К. Тоқаев «Оқуға құштар» жобасы бойынша әр педагогке өз таңдаған кітаптарының тақырыбын, баспасын тапсыруды ұсынды. Алдағы уақытта сол жоба бойынша жұмыстар атқарылатындығы туралы хабар берді.

Кунделік.кз уақытында жаңа №472 бұйрық бойынша ҚМЖ-ны әр пән, әр сабақты ендіріп отыруын ескертті. Алдағы уақытта 16-желтоқсан мерекесінен кейін ашық сабақтар енгізілетіні жайында хабардар етілді.

Отырыстың шешімі:

1. Педагогтер тарапынан жүйелі әрі сапалы білім беруді ұйымдастыру.
2. Бастауыш сыныптарда оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауды нәтижелі жүзеге асыру.
3. Олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс жоспарын құру.
4. Сыныптардың оқу процесін ұтымды ұйымдастыру.
5. Қорытынды аттестациялау мен жұмыс жоспарын бекіту.

Төрайымы: Р.Т. Куатбекова

Хаттама толтырған: Т.Орынбаева

